

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен  
(2012 жылдың 29 наурызындағы  
№ 05 хаттама)

**б е к і т і л д і**

2012 жылдың 01 мамырынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Мүшелік жарналар және биржалық алымдар туралы **ҚАҒИДА**

---

---

Алматы қ.  
2012

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі № 19 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2012 жылдың 15 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2012 жылдың 29 қарашасындағы № 29 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2013 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 25 сәуіріндегі № 10 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2013 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 4. № 4 толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 14 тамызындағы № 19 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2013 жылдың 15 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2013 жылдың 04 қарашасындағы № 27 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 6. № 6 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 07 ақпанындағы № 3 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 17 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 7. № 7 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 10 маусымындағы № 22 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- Мүшелік туралы қағидаға енгізілген ұқсас өзгертулермен ("мерзімдік нарық терминінің "деривативтер нарығы" терминімен ауыстырылуы) бір уақытта қолданысқа енгізілетін, 2 баптың 2 тармағындағы, 5 баптың, 7 баптың 1 тармағының 2) тармақшасындағы және 10 баптың 1 тармағындағы өзгертулерден басқасы, 2014 жылдың 01 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 8. № 8 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2015 жылдың 26 маусымында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2015 жылдың 10 маусымындағы № 13 отырыс хаттамасы);
- 2015 жылдың 29 маусымынан қолданысқа енгізілді.

### 9. № 9 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2015 жылдың 25 желтоқсанындағы № 28 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) мүшелерінің және осы Қағидада анықталған жалпыға пайдалануға ортақ Биржа қызметтерін басқа да тұтынушыларының төлеуі тиіс мүшелік жарналардың және биржа алымдарының құрамы мен мөлшерін (мөлшерлемесін), осындай жарналар мен алымдарды төлеу мерзімдері мен тәртібін, сондай-ақ олардың төленбеуі толық немесе уақытында төленбеуі үшін қарастырылатын жауапкершілікті анықтайды (*осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен толықтырылған және Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).

Биржа мүшелерінің Биржа пайдасына төлеуі тиіс жарналарының Осы Қағиданың 7 бабы 1 тармағында көрсетілгеннен өзге түрлері Биржаның ішкі құжаттарында белгіленуі мүмкін; мұндай жағдайда осындай жарналардың мөлшері (мөлшерлемесі), оларды төлеу мерзімі мен тәртібі, сондай-ақ олардың төленбеуі, толық немесе уақытында төленбеуі үшін қарастырылатын жауапкершілік Биржаның осы ішкі құжаттарымен анықталады (*осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Ұғымдар

1. Осы Қағидада қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **"шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдар"** – шетел валютасын сату-сатып алу бойынша Биржаның комиссиялық алымдары;
  - 2) **"бағалы қағаздармен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдар"** – бағалы қағаздарды сату-сатып алу, соның ішінде репо операцияларына жататын мәмілелер бойынша Биржаның комиссиялық алымдары;
  - 3) **"мерзімдік келісімшарттармен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдар"** – мерзімдік келісімшарттарды сату-сатып алу бойынша Биржаның комиссиялық алымдары;
  - 4) **"АЕК"** – Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес зейнетақы, жәрдемақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеуге, сондай-ақ айыппұл ықпалшараларын қолдануға, салықты салуға арналған айлық есептік көрсеткіш, оның мәнін Қазақстан Республикасының тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңдары белгілейді (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
  - 5) **"техникалық алымдары"** – сауда-саттық жүйесінің қашықтықтан пайдалану тәртітемесіне қатысты жалпы пайдалану қызметін көрсетуге арналған Биржаның алымдары сборы (*аталмыш тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен енгізілген*);
  - 6) **"Сауда-саттық ақпараты"** – бұл ұғым Биржаның ішкі құжаты "Сауда-саттық жүйесімен "қашықтықтан жұмыс істеу тәртітемесінде" Қағидасымен" анықталған (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен енгізілген*).
2. Осы Қағидада қолданылған өзге ұғымдар Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.
3. Осы Қағида мақсаттары үшін:
  - 1) қандай да бір қаржы құралдарын сату-сатып алу мәмілелері деп Биржа өткізген сауда-саттықта жасалған мәмілелерді ғана түсіну керек;
  - 2) репо операциялары деп сауда жүйесінде жасалған (жасалатын) операцияларды ғана түсіну керек;

- 3) бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері деп репо операцияларына жатпайтын мәмілелерді ғана түсіну керек *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 4) қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттыққа:  

бағалы қағаздарды орналастыру немесе қайта сатып алу бойынша жасалған сауда-саттық (оларды өткізу әдісіне қарамастан);

қаржы құралдарын орналастыру (сату, қайта сатып алу, сатып алу) бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттық;

мемлекеттік акциялар пакеттерін сату бойынша жасалған сауда-саттық (оларды өткізу әдісіне қарамастан);

ағылшын сауда-саттығы;

голландиялық сауда-саттықтар жатады.
- 4-1) Биржа арқылы өткізілетін, қандай да бір бағалы қағаздарға жазылым қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттыққа жатпайды *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;
- 5) сауда-саттық бастамашысы деп қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттық деп:  

қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты бастамалайтын, Биржа мүшесін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (егер ол Биржа мүшесі болып табылмаса) немесе Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі шығарған, мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу бойынша сауда-саттығында жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі болса, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі шығарған, мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу бойынша сауда-саттығында жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі болса, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі;

*(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 6) қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттық қатысушыларының санына сауда-саттық басмашысы жатпайды *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 7) жазылым бастамашысы деп, Биржа арқылы жазылым жүргізілетін бағалы қағаздардың эмитентін түсіну керек, немесе соның бастамасымен осы бағалы қағаздарға Биржа арқылы жазылым жүргізілетін, Биржа мүшесі *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
- 8) жазылым бастамашысы жазылымға қатысушылар санына кірмейді *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

## 2 тарау. МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАР

### 2 бап.

#### Кіру мүшелік жарналары

1. Қандай да бір ұйымды Биржа мүшелігіне қабылдау кезінде бұл ұйым:
  - 1) Биржаның "қор" санаты бойынша мүшелігіне қабылдануы кезінде – АЕК 1.500 еселік мөлшерде;
  - 2) Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшелігіне қабылдануы кезінде – АЕК 6.000 еселік мөлшердеБиржаға мүшелік кіру жарнасын төлеуі тиіс.
2. Биржаның "деривативтер" санаты бойынша мүшелігіне қабылдау кезінде мүшелік жарна өндіріліп алынбайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Биржаның жаңадан қабылданған мүшесі мүшелік кіру жарнасын, оны Биржа мүшелігіне қабылдау туралы ескертпе негізінде, дербес түрде төлейді, бұл ретте Биржаның жаңадан қабылданған мүшесі өзіне тиісті шотты ұсынуды Биржадан сұратуға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.  
Кіру мүшелік жарнасы бірт рет төленіп, қайтаруға жатпайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Биржаның "Мүшелік туралы қағида" атты ішкі құжаты мүшелік кіру жарнасын төлеу мерзімдерін, сондай-ақ оларды төлемегені (толық немесе уақытылы төлемегені) үшін қарастырылатын жауапкершілікті белгілейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

### 3 бап.

#### Мерзімдік мүшелік жарналар

1. Биржа мүшелері Биржаға ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеуі тиіс.
2. Биржа мүшелері ай сайынғы мүшелік жарналарды, осы айдың басында Биржа мүшелеріне ұсынылатын және оларды ұсыну күнінен бастап (осы Қағиданың 13 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) бес жұмыс күн аралығында төленуі тиіс Биржа шоттарының негізінде ағымдағы күнтізбелік ай үшін төлейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы және 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.  
Ай сайынғы мүшелік жарнасы қайтарылмайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы және 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

### 4 бап.

#### Биржаның "қор" санаты бойынша ай сайынғы мүшелік жарналары

1. Биржаның "қор" санаты бойынша мүшелері ай сайынғы мүшелік жарналарды мынадай сызбалар бойынша төлейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) 1 сызба бойынша: АЕК 25-еселі көлемде (осы баптың 2 тармағында белгіленген, Биржаның комиссиялық алымдарының минималды және итиянақталған мөлшерлерін қолданумен);
  - 2) 2 сызба бойынша: АЕК 50-еселі мөлшерінде (осы баптың 2 тармағында белгіленген, Биржаның комиссиялық алымдарының минималды және итиянақталған мөлшерлерін қолданусыз).

2. Осы баптың 1 тармағында аталған, Биржаның минималды және тиянақталған комиссиялық алымдары деп мыналарды түсіну керек:
  - 1) осы Қағиданың 8 бабының 2 тармағында белгіленген, бағалы қағаздарды сатып алу-сату бір мәмілесі бойынша комиссиялық алымның минималды мөлшері;
  - 2) осы Қағиданың 8 бабының 3 тармағының 1) тармақшасында белгіленген, бағалы қағаздарды сатып алу-сату бір мәмілесі бойынша комиссиялық алымның тиянақталған мөлшері;
  - 3) осы Қағиданың 8 бабының 3 тармағының 2) тармақшасында белгіленген, бағалы қағаздарды сатып алу-сату бір мәмілесі бойынша (сомасы 1,5 млн теңгеден кем әр мәмілеге қатысты ғана) комиссиялық алымның тиянақталған мөлшері;
  - 4) осы Қағиданың 9 бабы 4 тармағының екінші абзацында белгіленген, мемлекеттік емес бағалы қағаздармен бір репо операциясы бойынша комиссиялық алымның минималды мөлшері.
3. Егер Биржаның "қор" санаты бойыншаның мүшесі өзгесін белгілемесе, айлық мүшелік жарнаның 1 сызбасын таңдады деп саналады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Айлық мүшелік жарналарын төлеудің бір сызбасынан екіншісіне ауысу үшін, Биржаның "қор" санаты бойыншаның мүшесі күнтізбелік тоқсан басталар алдында кемінде бес жұмыс күн бұрын, еркін формада жазылған, тиісті өтінішін Биржаға ұсынуы тиіс *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Айлық мүшелік жарналарын төлеудің бір сызбасынан екіншісіне бір тоқсан ішінд ауысуға тыйым салынады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**5 бап. Биржаның "деривативтер" санаты бойынша мүшелерінің ай сайынғы мүшелік жарналары**

*(Осы баптың тақырыптамасы Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Биржаның "деривативтер" санаты бойынша мүшелеріне ай сайынғы мүшелік жарналар орнатылмайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

**6 бап. Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшелерінің ай сайынғы мүшелік жарналары**

1. Валюталық нарық мүшелері ай сайынғы мүшелік жарналарды мынадай сызбалар (өз таңдауымен) бойынша төлейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) 1 сызба бойынша: шетел валюталарымен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдардың қосымша төлемін төлеусіз *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 2) 2 сызба бойынша: осы Қағиданың 11 бабына сәйкес шетел валюталарымен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдардың қосымша төлемін төлеу арқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Егер Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесі өзгесін көрсетпесе, онда ол ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеудің 2 сызбасын таңдады деп саналады.

Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесі ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеудің бір сызбасынан екіншісіне ауысу үшін, күнтізбелік айдың басталуына дейін кемінде бес жұмыс күн бұрын Биржаға, еркін формада жазылған, тиісті ескертпесін ұсынуы тиіс *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеудің бір сызбасынан екіншісіне ағымдағы күнтізбелік ай ішінде ауысуға тыйым салынады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Ай сайынғы мүшелік жарна мөлшері:
  - 1) 1 сызба бойынша қандай да бір шетел валютасын бойынша маркет-мейкер болып табылмайтын, Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесі үшін – АЕК 400-еселі мөлшерін (осы баптың 4 тармағында белгіленген айрықшалықты қоспағанда);
  - 2) 1 сызба бойынша қандай АҚШ доллары бойынша маркет-мейкер болып табылатын, Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесі үшін – АЕК 200-еселі мөлшерін (осы баптың 4 тармағында белгіленген айрықшалықты қоспағанда) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 2-1) 1 сызба бойынша қандай АҚШ долларынан өзге шетел валютасы бойынша маркет-мейкер болып табылатын, Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесі үшін – АЕК 300-еселі мөлшерін (осы баптың 4 тармағында белгіленген айрықшалықты қоспағанда) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 3) 2 сызба бойынша – АЕК 300-еселі мөлшерін құрайды.
4. Осы баптың 3 тармағы 1), 2) және 2-1) тармақшаларының күші Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қатысты қолданылмайды, оған қатысты ай сайынғы мүшелік жарна мөлшері – АЕК-125 еселі көлемінде қарастырылған *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

### 3 бөлім. БИРЖАЛЫҚ АЛЫМДАР

#### 7 бап. Биржалық алымдар туралы жалпы ережелер

1. Биржалық алымдар дегеніміз:
  - 1) Биржаның "қор" санаты бойынша мүшелері үшін – осы баптың 2 тармағына сәйкес және осы Қағиданың 8, 9, 12 және 12-1 баптарына сәйкес есептелген бағалы қағаздармен жасалған операциялар бойынша комиссиялық алымдар *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
  - 2) Биржаның "деривативтер" санаты бойынша мүшелері үшін – осы Қағиданың 10 бабына сәйкес есептелген мерзімдік келісімшарттармен жасалған операциялар бойынша комиссиялық алымдар *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 3) ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеудің 2 сызбасын таңдаған, Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшелері үшін осы Қағиданың 11 бабына сәйкес есептелген шетел валюталарымен жасалған операциялар бойынша комиссиялық алымдар *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 4) қаржы құралының жалғыз сатушысы мен сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастырғаны және өткізгені үшін осы Қағиданың 12 бабына сәйкес есептелген комиссиялық алымдар болып табылады *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;
  - 5) осы Қағиданың 12-1 бабына сәйкес есептелетін, жазылымды ұйымдастырып өткізгені үшін комиссиялық алымдары *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген және Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
  - 6) осы Қағиданың 12-2 бабына сәйкес есептелетін, техникалық алымдар *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен енгізілген және Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 7) осы Қағиданың 12-3 бабына сәйкес есептелетін, операциялық күнді ұзарту үшін алымдар *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен енгізілген)*;
  - 8) осы Қағиданың 12-4 бабына сәйкес есептелетін, аудиторлық ұйымдардан алынатын жыл сайынғы алымдар *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.
2. *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған)*.
  3. Биржаның ішкі құжаттарында бағалы қағаздардың маркет-мейкерлері мен мерзімдік келісімшарттар маркет-мейкерлер үшін осы бағалы қағаздармен және осы мерзімдік келісімшарттармен жасалған операциялар бойынша комиссиялық алымдардың жеңілдік мөлшерлемелері белгіленуі мүмкін  
Осындай жеңілдік мөлшерлемелерін қолдану шарттары мен тәртібі, маркет-мейкерлердің қызметін реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.
  4. Осы баптың 1 тармағының 1)-3) тармақшаларында белгіленген, биржалық алымдар ай сайын, аяқталған айға, Биржа өз мүшәелеріне аяқталған айдан кейінгі келесі бірінші күнтізбелік айдың басында ұсынатын шоты негізінде, төленеді.  
Қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысымен сауда-саттық ұйымдастырып өткізгені үшін Биржаның комиссиялық алымы, осы сауда-саттық өткізілгеннен кейін сауда-саттық бастамашысына ұсынылатын, Биржаның шоты негізінде төлініді.  
Жазылым ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымы, осы жазылым бастамашысына жазылым аяқталғаннан кейін ұсынылатын, Биржаның шоты негізінде төленеді.  
Техникалық алымдар ай сайын, ағымдағы ай үшін, техникалық алымдарды төлеушілеріне (Биржа мүшелеріне және жалпы пайдаланымдағы Биржаның қызметтерін тұтынушыларға) ұсынылатын, Биржаның шоттары негізінде төленеді.  
Операциялық күнді ұзартқаны үшін алым, өтініші бойынша операциялық күн ұзартылған Биржа мүшесіне 20 жұмыс күн аралығында ұсынылатын, Биржаның шоты негізінде төленеді.

Аудиторлық ұйымдардан алынатын жыл сайынғы алымдар жыл сайын ағымдағы жылға, Биржаның аудиторлық ұйымдарға ұсынатынан шоттар негізінде, ағымдағы жылдың басында төленеді *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

5. Биржалық алымдарды төлеуге Биржаның шоты ұсынылғаннан кейін бес жұмыс күн аралығында (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерден басқа, және осы Қағиданың 13 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) төленуі тиіс.

Аудиторлық ұйымнан алынатын жыл сайынғы алымды төлеуге Биржаның шоты ұсынылғаннан кейін 20 жұмыс күн аралығында төленуі тиіс.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы және 2015 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

6. Осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда, биржалық алымдар түрінде Биржамен алынған ақшалар, соның ішінде Биржа мүшесі сауда-саттыққа қатысудан шеттетілуі жағдайында да және техникалық алымдардың төлеушілері қашықтан кіру тәртіптемесінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеуден бас тартқан жағдайда да, қайтарылмайды.

Биржалық алымдарды төлеушінің жүгінуі бойынша, осы алымдар ретінде төленген ақшаларды аудару техникалық қате салдарынан болса, Биржа оған осы ақшаларды қайтарып беруге құқылы.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен енгізілген, Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы және Биржаның Директорлар кеңесінің шешімдерімен өзгертілген)*.

#### **8 бап. Бағалы қағаздарды сатып алу - сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдары**

*(Осы тақырыптама Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

1. Биржаның "қор" санаты бойыншаның мүшелері бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын (осы баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген ерекшеліктер мен айрықшалықтарды ескере отырып) төмендегідей мөлшерлемелермен төлейді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату-сатып алу мәмілелері бойынша – бұл пакетті сатып алушыдан осы мәміле сомасының 0,01 %;
  - 2) "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторындағы (Биржа арқылы сатылатын акциялардың мемлекеттік пакеттеріне жататын бағалы қағаздарды қоспағанда) айналымға жіберілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша – мәміленің әр тарапынан осы мәміле сомасының 0,05 %-дан;
  - 3) кез келген бағалы қағаздарды сату-сатып алудың тікелей мәмілелері бойынша (Биржа арқылы сатылатын акциялардың мемлекеттік пакеттеріне жататын бағалы қағаздарды және "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторындағы айналымға жіберілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды қоспағанда) - мәміленің әр тарапынан осы мәміле сомасының 0,05 %-дан;

- 4) ашық сауда-саттықтың кез келген тәсілімен жасалған, кез келген бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілесі бойынша (Биржа арқылы сатылатын акциялардың мемлекеттік пакеттеріне жататын бағалы қағаздарды және "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторындағы айналымға жіберілген мемлекеттік емес бағалы қағаздарды қоспағанда) - мәміленің әр тарапынан осы мәміле сомасының 0,01 %-дан.
- 5) Биржа арқылы өткізілетін (өткізілген) жазылымның нәтижелері бойынша бағалы қағаздармен жасалған сату-сатып алу мәмілелері бойынша – осы Қағиданың 12-1 бабы 1 тармағының қолданылатын тармақшасында белгіленген мөлшерлеме бойынша.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертулген).*

2. Ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеудің 1 сызбасын таңдаған, "қор" санаты бойынша Биржа мүшелері үшін Биржаның комиссиялық алымдарының минималды көлемі бір Биржа мүшесіне бағалы қағаздарды сатып алу-сату бір мәмілесі бойынша (осы баптың 2-1 тармағында белгіленгенді қоспағанда) АЕК 0,5-еселі көлемін құрайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы және 2014 жылдың 07 ақпанындағы және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*

Комиссиялық алымның минималды мөлшері мынадай мәмілелерге қатысты белгіленбейді: "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ Биржадан мәміленің орындауы үшін өз тарифін (өз сыйақысын) өндіріп алмайтын мәмілелер, сондай-ақ жеке тұлғаның тапсырмасымен, оның есебінен және мүддесі үшін ашық сауда-саттықтың кез келген әдісімен жасалған, беймемлекеттік бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері

- 2-1. Осы баптың 2 тармағында белгіленген, Биржаның комиссиялық алымының минималды көлемі, бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша мынадай мәмілелері бойынша комиссиялық алымдар есептелген қолданылады:
  - 1) "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ олардың орындалуы үшін Биржадан өз тарифін (сыйақысын) алмайтын;
  - 2) жеке тұлғалардың тапсырмасымен, есебінен және мүддесіне жасалған;
  - 3) T+2 сызбасы бойынша Биржаның "қор" санаты бойыншанда мәмілелер жасасу тәртібін анықтайтын, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес T+2 тәртіптемесі қолданылатын мәмілелер.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімімен енгізілген).*

3. Ашық сауда-саттықтың кез келген әдісімен жасалған, беймемлекеттік бағалық қағаздарды сатып алу-сату мәмілесінің бір тарабы, осы мәмілені жеке тұлғаның тапсырмасымен, есебінен және мүддесімен<sup>1</sup> Биржа мүшесі болып табылса, осы Биржа мүшесінен қатысты бөлігінде, осы мәміле бойынша Биржаның комиссиялық алымы (осы Қағиданың 4 бабының 1 және 2 тармақтарынан шығатын ерекшеліктерді қоспағанда, және осы баптың 3-1 тармағында белгіленгенді қоспағанда):
  - 1) бір млн теңгеге дейінгі сома мәмілесі бойынша – 100 теңге *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген);*
  - 2) үш млн теңгеге дейінгі сома мәмілесі бойынша – 150 теңге *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген);*

3) үштен бес млн теңгеге дейінгі сома мәмілесі бойынша – 200 теңге *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;

4) бес млн-нан аса сома мәмілесі бойынша – осы мәміле сомасынан 0,01 % *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

3-1. Осы баптың 3 тармағымен белгіленген, Биржаның комиссиялық алымдарының мөлшерлемелері, T+2 сызбасы бойынша Биржаның "қор" санаты бойыншанда мәмілелер жасасу тәртібін анықтайтын, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес T+2 тәртіптемесімен жасалған мәмілелерге қатысты қолданылмайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

## 9 бап.

### Репо операциялар бойынша Биржаның комиссиялық алымдары

1. Биржаның "қор" санаты бойыншаның мүшелері репо операциялары бойынша мынадай формулаға сәйкес есетелген, Биржаның комиссиялық алымдарын төлейді:

$$K = Q \times n \times P, \text{ мұнда:}$$

K – репо операциясы бойынша комиссиялық алым, теңгемен;

Q – репо операциясына қатысты, ашылу мәмілесінің сомасы, теңгемен;

n – осы репо операциясының мерзімі (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);

P – осы баптың 3 тармағына сәйкес анықталған, репо операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымның мөлшерлемесі

2. Мерзімі Intraday репо операциясы бойынша комиссиялық алымды есептеу мақсаттары үшін, осы операцияның мерзімі бірге тең деп алынады.

Репо операциясының мерзімі өзгерген жағдайда, осы операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымы оның нақты мерзімінен шыға отырып есептеледі.

3. Репо операциялары бойынша Биржаның комиссиялық алымының мөлшерлемелері:

– мерзімі үш күнге дейінгі репо операцияларына қатысты – 0,000065 %;

– мерзімі төрт күннен жеті күнге дейінгі репо операцияларына қатысты – 0,000060 %;

– мерзімі сегіз күннен 30 күнге дейінгі репо операцияларына қатысты – 0,000055 %;

– мерзімі 31 күннен 90 күнге дейінгі репо операцияларына қатысты – 0,000050 % құрайды.

4. Репо операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымы осы операцияға қатысушылардың әрқайсысы үшін, осы операцияның жабылу датасына (осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарын ескере отырып және осы баптың 5 тармағынан басқасы) есептеледі.

Ай сайынғы мүшелік жарна төлеудің 1 сызбасын таңдаған, Биржаның "қор" санаты бойыншаның мүшелері үшін бір репо операциясы бойынша Биржаның комиссиялық алымының минималды көлемі осы операцияның әр бір қатысушысы үшін 400 теңгені (осы тармақтың үшінші абзацында белгіленгенді қоспағанда) құрайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2013 жылдың 04 қарашасындағы және 2014 жылдың 07 ақпанындағы және Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.

Осы тармақтың екінші абзацында белгіленген, Биржаның комиссиялық алымдарының минималды көлемі, неттингпен репо нарығында жүзеге асырылған, беймемлекеттік бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша және мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған репо операциялары бойынша комиссиялық алымдар есептегенде қолданылмайды *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

"Тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясына жататын, орындалмаған жабылу мәмілесі жойылған жағдайда, осы операция бойынша Биржаның комиссиялық алымы есептелмейді, м оның орнына осы репо операциясына жататын жабылу мәмілесі болып табылатын, бағалы қағаздарды сату алу-сату мәмілесі бойынша Биржаның комиссиялық алымы есептеледі.

5. Қазақстан Республикасында мемлекеттің ақшалай-несиелік саясатын әзірлеуі мен өткізілуін қамтамасыз ететін, мемлекеттік орган болып табылатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі , репо сатушы ретінде қатысқан, репо операциялары бойынша комиссиялық алымдарды төлеуден босатылады.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

**10 бап. Мерзімдік келісімшарттармен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдар**

1. Биржаның "деривативтер" санаты бойынша мүшелері Биржаның туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша комиссиялық алымын мәміленәі әр тарапынан мәміле сомасынан 0,005 % көлемінде, бірақ әр сатылған немесе сатып алынған келісімшартқа кемінде 2,0 теңгеден (осы баптың 2 тармағымен белгіленген айрықшалықтарды қоспағанда) төлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Бір сауда-саттық сессиясы барысында Биржа мүшесі мерзімдік келісімшарттармен мәміле жасап, нәтижесінде қандай да бір атаудағы келісімшарт бойынша жайғасым ашылып, кейіннен жабылса, осы Биржа мүшесіне қатысты, Биржаның осы мәмілелер бойынша комиссиялық алымы осы мәмілелердің әрқайсысының сомасынан 0,0025 % көлемінде, бірақ әр сатып алынған немесе сатылған мерзімдік келісімшартқа кемінде 1,0 теңгеден, құрайды.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**11 бап. Шетел валюталарымен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдар**

1. Ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеудің 2 сызбасын таңдаған, Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесі оның жасаған шетел валюталарын сату-сатып алу мәмілелері бойынша айлық нетто-жайғасымының мөлшері үш миллион АҚШ долларынан асқан жағдайда шетел валюталарымен жасалатын операциялар бойынша комиссиялық алымдарды төлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесінің өзі жасаған шетел валютасын сату-сатып алу мәмілелері бойынша айлық нетто-жайғасымы келесідей анықталады:
  - 1) күнтізбелік айдың әр жұмыс күніне Биржа өз мүшесінің қазақстандық теңгедегі нетто-жайғасымын осы Биржа мүшесінің Биржаға қатысты нетто-талаптары немесе осы Биржа мүшесінің Биржа алдындағы қазақстандық теңгедегі нетто-міндеттемелері ретінде анықтайды (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);

- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес анықталған, Биржа мүшесінің нетто-жайғасымының мәні осы күнде қалыптасқан АҚШ долларының қазақстанның теңгеге орташа сараланған бағамы<sup>1</sup> бойынша АҚШ долларына ауыстырылады;
- 3) күнтізбелік айдың соңғы жұмыс күнінде Биржа осы мүшесінің жасаған шетел валютасын сату-сатып алу мәмілелері бойынша оның айлық нетто-жайғасымын осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес анықталған оның осы айдың әрбір жұмыс күндегі нетто-жайғасымын бұл мақсатта жиынтықтай отырып, айлық нетто-жайғасымын анықтайды.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*

3. Егер қандай да бір шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар АҚШ долларымен жүзеге асырылса, осы күндегі аталмыш валютамен жасалған мәмілелер бойынша Биржа мүшесінің Биржа алдындағы АҚШ долларымен нетто-талаптары немесе нетто-міндеттемелері осы күндегі АҚШ долларының қазақстандық теңгеге орташа сараланған бағамы бойынша қайта есептеліп, осы Биржа мүшесінің осы күндегі қазақстандық теңгедегі нетто-жайғасымына қосылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
4. Ай сайынғы мүшелік алымдарды төлеудің 2 сызбасын таңдаған, Биржаның "валюталық" санаты бойынша мүшесінің жасаған шетел валюталарын сату-сатып алу мәмілелері бойынша оның айлық нетто-жайғасымының мөлшері үш миллион АҚШ долларынан асатын болса, ол шетел валюталарымен жасалатын операциялар бойынша көрсетілген нетто-жайғасымы мөлшері мен үш миллион АҚШ доллары арасындағы айырмашылықтан 0,05 % мөлшерінде комиссиялық алымдар төлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*
5. Валюталық нарықты реттеуші ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өзінің шетел валютасымен жасаған мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымын төлеуден босатылады.

## 12 бап.

### **Қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезіндегі Биржаның комиссиялық алымдары**

1. Қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастырып, өткізгенде, осындай сауда-саттықтардың қатысушылары бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын мынадай мөлшерлемелермен *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) мемлекеттік акциялар пакетін сату-сатып алу мәмілелері бойынша – осы пакетті сатып алушыдан осы мәміленің сомасынан 0,10 %;
  - 2) егер жалғыз сатушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі болса, орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша – осы бағалы қағаздарды сатып алушыдан осы мәміленің сомасынан 0,01 %;

---

<sup>1</sup> АҚШ долларының қазақстандық теңгеге орташа сараланған бағамы – Шетел валюталары нарығының индикаторларын есептеу әдістемесіне сәйкес (Биржа Басқармасының 2009 жылдың 29 қыркүйегіндегі № 237 шешімімен бекітілген) есептелетін, шетел валютасының индикаторы *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен енгізілген).*

- 3) егер жалғыз сатып алушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі болса, орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша – осы бағалы қағаздарды сатушысынан осы мәміленің сомасынан 0,01 % көлемінде төлейді.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

- 1–1. Қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы болған сауда-саттықтардың қатысушыларынан, осы баптың 1 тармағында анықталған, комиссиялық алымдарынан өзге, осындай сауда-саттықтарда жасалған бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша комиссиялық алымдарын өндірмейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен енгізілген).*
2. Сауда-саттық бастамашысы Биржаның қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастырғаны және өткізгені үшін комиссиялық алымын мынадай мөлшерлемелер бойынша (осы баптың 3 тармағында белгіленген айрықшалықты қоспағанда) *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген):*
  - 1) қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттық құралы облигациялар болса – осы сауда-саттықта орналастырылған (сатылған, қайта сатып алынған, сатып алынған) облигациялардың жалпы бағасының атаулы құнынан 0,025 % (көмінде АЕК 80-еселі көлемінде және АЕК 5.000 еселік көлемінен аспайтын мөлшерде) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген);*
  - 2) қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықтың заты облигациядан басқа қаржы құралы болса – осы сауда-саттықта жасалған мәмілелердің жиынтық (теңгедегі) санынан 0,025 % (мәмілелерді жасау фактілерінің болуына қарамастан, кемінде АЕК 80-еселі көлемде және АЕК 5.000-еселі көлемнен аспайтын мөлшерде) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген);*
  - 3) егер бірде-бір мәміле жасалмаса (қаржы құралына қарамастан) – АЕК 50 еселік көлемінде төлейді.
3. Биржаның қаржы құралының жалғыз сатушысы немесе сатып алушысы бар сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізгені үшін:
  - 1) Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі өздері шығарған бағалы қағаздарды орналастыруы немесе қайта сатып алуы кезінде;
  - 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өздері немесе Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарды орналастыру немесе қайта сатып алу кезінде;
  - 3) акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатушысы болып табылатын Биржа мүшелері *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген);*
  - 4) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған).*

#### 12-1 бап.

#### **Бағалы қағаздарға жазылу жүргізгендегі Биржаның комиссиялық алымдары**

1. Бағалы қағаздарға Биржа арқылы жазылым жүргізугенде жасалған бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша келесідей мөлшерлемелермен комиссиялық алымдарын төлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген):*

- 1) мемлекеттік акциялар пакетін сату-сатып алу мәмілелері бойынша – осы пакетті сатып алушыдан осы мәміленің сомасынан 0,10 %;
- 2) егер жазылым бастамашысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі болса, орналастырылатын мемлекеттік бағалы қағаздарды сату-сатып алу мәмілелері бойынша – осы бағалы қағаздарды сатып алушыдан осы мәміленің сомасынан 0,01 %;

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

- 1–1. Биржа жазылымға қатысушылардан, осы баптың 1 тармағында анықталған, комиссиялық алымдарынан өзге, бағалы қағаздарға жүргізілетін (жүргізілген) жазылым нәтижелері бойынша бағалы қағаздармен жасалған сату-сатып алу мәмілелері бойынша комиссиялық алымдарын өндірмейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*
2. Жазылым бастамашысы Биржаға жазылымды ұйымдастырып өткізгені үшін комиссиялық алымдарын (осы баптың 3 тармағында белгіленген айрықшалықтарды қоспағанда) келесідей мөлшерлемелер бойынша төлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) егер облигацияларға жазылым жүргізілсе – осы жазылым нәтижелері бойынша орналастырылған (сатылған) облигациялардың жиынтық номиналды құнынан 0,025 % (бірақ АЕК 250-еселік көлемінен кем емес және АЕК 5.000-еселік көлемінен аспауы тиіс);
  - 2) егер акцияларға жазылым жүргізілсе – осы жазылым нәтижелері бойынша жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінен (теңгемен) 0,1 % (бірақ АЕК 250-еселік көлемінен кем емес және АЕК 5.000-еселік көлемінен аспауы тиіс);
  - 3) егер жазылым нәтижесі бойынша бірде-бір мәміле жасалмаса (орналастырылатын (сатылатын) бағалы қағаздардың түріне қарамастан) – АЕК 50-еселік көлемі.
3. Жазылым өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлеуден босатылады:
  - 1) Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі өзі шығарған бағалы қағаздарын орналастарғанда;
  - 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің шығарған бағалы қағаздарын орналастырғанда (сатқанда).
4. Егер жазылым бастамашысы, Биржа мүшесі болып табылмайтын, бағалы қағаздардың эмитенті болған жағдайда, Биржаның комиссиялық алымдарын төлеу бойынша оның Биржамен қарым-қатынасы жазылым бастамашысы мен Биржа арасында жасалған келісім-шарт арқылы реттеледі.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілді).*

#### **12-2 бап. Техникалық алымдар**

1. Сауда-саттық жүйесімен қашықтықтан кіру тәртімінде жұмыс істеуге рұқсаты бар ұйымдар (осы баптың 2 тармағында көрсетілген ұйымдардан басқалары) келесі техникалық алымдарды төлейді:
  - 1) Биржаның телекоммуникациялық жабдықтарында порттарды пайдалануға бергені үшін және Сауда-саттық ақпаратын пайдалануға бергені үшін; және/немесе
  - 2) ұйымның ақпараттық жүйесінің сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы және Сауда-саттық ақпаратын пайдалануға бергені үшін.

2. Қашықтықтан жұмыс істеу тәртіптемесінде жұмыс істеуге құқылы төмендегі ұйымдар техникалық алымдар төлеуден босатылады:
  - 1) интернет-клиенттер – заңды тұлғалар ("интернет-клиенттер" ұғымы Биржаның "Сауда-саттық жүйесімен қашықтан кіру тәртіптемесінде жұмыс істеу ережелері" атты ішкі құжатында анықталғандай);
  - 2) " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.
3. Техникалық алым мөлшерлемелері:
  - 1) Биржаның телекоммуникациялық жабдықтарында порттарды пайдалануға бергені үшін және Сауда-саттық ақпаратын пайдалануға бергені үшін – АЕК 15-еселі көлемі (берілген порттардың санына қарамастан);
  - 2) ұйымның ақпараттық жүйесінің сауда-саттық жүйесіне шлюз арқылы және Сауда-саттық ақпаратын пайдалануға бергені үшін – айқына 15-еселі көлемі.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2013 жылдың 25 сәуіріндегі шешімімен енгізілген, Биржалық кеңестің 2013 жылдың 14 тамызындағы, 2014 жылдың 07 ақпанындағы және Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*

#### **12-3 бап. Операциялық күнді ұзарту үшін алымдар**

1. Өтініштері негізінде, репо операцияларына жататын, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды аяқтау мақсатында Биржа өз операциялық күнін ұзартқан, Биржаның "қор" санаты бойынша мүшелері операциялық күнді ұзартудың әр жағдайы үшін келесідей алымдарды төлейді (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) операциялық күнді 30 минутқа дейін ұзарту – АЕ 50-еселі мөлшерінде;
  - 2) операциялық күнді 30 минуттан астам уақытқа ұзарту – АЕК 100-еселі мөлшері.
2. Өтініштері негізінде, бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша соның ішінде репо операциялары бойынша есеп айырысуларды аяқтау мақсатында, Биржа операциялық күнді ұзартқан, егер осындай ұзарту Биржаның және/немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ ақпараттық жүйелерінің жаңылысымен байланысты болса, Биржаның "қор" санаты бойынша мүшелері операциялық күнді ұзарту үшін алымдарды төлеуден босатылады. Бұл ретте мұндай жаңылыстар деректері тиісінше Биржамен және/немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ расталуы тиіс *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 маусымындағы шешімімен енгізілген).*

#### **12-4 бап. Аудиторлық ұйымдардан алынатын жыл сайынғы алымдар**

1. Аудиторлық ұйымдардан алынатын жыл сайынғы алымдарды, Биржа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2014 жылдың 24 желтоқсанындағы № 243 қаулысымен белгіленген, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда-саттық алаңына қаржы құралдарын жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптарға сай деп мойындаған, аудиторлық ұйымдар төлейді.
2. Аудиторлық ұйымнан алынатын жыл сайынғы алымның мөлшерлемесі АЕК 100-еселік көлемін құрайды.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 25 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген).*

**4 тарау. БИРЖА ШОТЫН ҰСЫНУ КҮНІ.  
МЕРЗІМДІК МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАР МЕН БИРЖАЛЫҚ АЛЫМДАРДЫ ТӨЛЕМЕГЕНІ  
НЕМЕСЕ УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕМЕГЕНІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

*(Осы тақырыптама Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі және 2014 жлыдың 07 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген ).*

**13 бап. Биржаның шотын ұсыну**

1. Биржаның мерзімдік мүшелік жарналарды және/немесе биржалық алымдарды төлеу шотын ұсыну келесідей амалдармен жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) барлық Биржа мүшелеріне – Биржа шотының қағаздағы түпнұсқасын пошталық байланыс операторы (операторлары) арқылы;
  - 2) "Сауда-саттық жүйесімен алыстар кіру тәртіптемесінде жұмыс жасағанда ақпараттарды бағдарламалық-техникалық қорғау құралдарын қолдану ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, алыстан кіру тәртібінде сауда-саттық жүйесімен жұмыс барысында ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралын қолдануға өтініш берген Биржа мүшесі үшін – сауда-саттық жүйесі арқылы Биржаның шоттарының электронды файлдарын ұсыну арқылы;
  - 3) осы тармақтың 2) тармақшасының ережелрі қолданылмайтын, Биржа мүшелеріне, – Биржа шоттарының электронды файлдарын электронды поштамен ұсыну арқылы жүзеге асырылады.
2. Биржа өз мүшелеріне сауда-саттық жүйесің және электрондық пошта арқылы ұсынатын шоттарының файлдары, pdf (Portable Document Format) форматында қалыптастырылады.

Биржа өз мүшелеріне шоттардың электронды файлдарын сауда-саттық жүйесі арқылы ұсынатын шоттары, ұсынылатын мәліметтердің құпиялылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін, криптографиялық қорғау құралдарын қолдану арқылы қалыптастырылады..
3. Биржа мүшесіне мерзімдік мүшелік жарналарды және/немесе биржалық алымдарды төлеуге Биржа шотын ұсыну күні болып саналады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) осы баптың 1 тармағы 2) тармақшасының ережелері қолданылатын, Биржа мүшесі үшін – сауда-саттық жүйесі арқылы электронды файлды жолдаған күн;
  - 2) осы баптың 1 тармағы 2) тармақшасының ережелері қолданылмайтын, Биржа мүшесі үшін – осы шоттың қағаздағы түпнұсқасын пошталық байланыс операторы арқылы жолдаған күн.
4. Мерзімдік мүшелік жарналарды және/немесе биржалық алымдарды төлеуге берілетін Биржа шотын Биржа мүшесіне сауда-саттық жүйесі арқылы жіберілген электронды хабарламаны ұсынудың жеткілікті дәлелі сауда-саттық жүйесіндегі тиісті есептік жазба болып табылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Мерзімдік мүшелік жарналарды және/немесе биржалық алымдарды төлеуге берілетін Биржа шотын Биржа мүшесіне қағаздағы түпнұсқасын пошталық байланыс операторы арқылы жолдаудың жеткілікті дәлелі, оператордың осы шоттың түпнұсқасын жолдауға байланысты Биржаға берген растау құжаты болып табылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

**14 бап. Мерзімдік мүшелік жарналар мен биржалық алымдарды төлемегені (толық және уақытылы төлемегені) үшін жауапкершілік**

*(Осы тақырыптама Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

1. Биржа мүшесінің мерзімдік мүшелік жарналарды және/немесе биржалық алымдарды төлемегені (толық немесе уақытында төлемегені) үшін Биржа осы Биржа мүшесінен жарналар және/немесе алымдарды төлеу бойынша әр бір кешіктірілген күнтізбелік күнге Биржаға тиесілі төлем сомасынан 0,2 % мөлшерде тұрақсыздық төлемін өндіріп алуға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі және 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген).*

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық төлемін төлеу Биржа мүшесін мерзімдік мүшелік жарналарды және/немесе биржалық алымдарды төлеу міндеттемесінен босатпайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

- 1-1. Биржа мүшесі болып табылмайтын жазылым бастамашысының жазылым өткізуді ұйымдастырғаны үшін Биржаның комиссиялық алымын төлемегені (толық немесе уақытылы төлемегені) үшін Биржа осы жазылым бастамашысынан Биржаға тиесілі алым сомасынан әрбір кешіктірілген күнтізбелік күнге 0,2 % мөлшерде тұрақсыздық төлемін өндіріп алуға құқылы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұрақсыздық төлемін төлеу жазылым бастамашысын Биржаның жазылым ұйымдастырып өткізгені үшін комиссиялық алымдарын төлеу міндеттемесінен босатпайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

2. Биржа мүшесі мерзімдік мүшелік жарналарды және/немесе биржалық алымдарды осы Қағидаға сәйкес оларды төлеу үшін орнатылған мерзім аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде төлемесе (толық немесе уақытылы төлемесе), Биржа Басқармасы осы Биржа мүшесін (белгілі бір немесе барлық) қаржы құралдарының сауда-саттығынан қатысудан шеттетуге құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 07 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).*

Президент

Қ.Қ. Дамитов